

Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінің
қамқоршылық кеңес отырысы

Хаттама

№4

22.08.2024 ж.

Қатысқандар : Қамқоршылық кеңесінің 9-мүшесі
Мектеп басшысы : Тулегенов А.А.
ДТІЖО: Берғалиева Ф.
Әлеуметтік педагог : Нұркенқызы А.

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту (өзгерген жағдайда)
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру бекітуге ұсыну
3. «Мектепке жол» акциясының өткізілуі
4. Мектеп формасына қойылатын талаптар
5. 2024-2025 оқу жылында 1- 4 класс оқушыларын мектеп асханасында тегін ыстық тамақтың ұйымдастырылуы туралы
6. 5-11 сынып аралығында, жекеленген санаттағы оқушыларға тегін ыстық тамақ ұйымдастыру
7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуіріндегі №158 бұйрығына сәйкес, білім беру ұйымының алқалы басқару органына (қамқоршылық кеңес мүшелері) ата-ана өтініші негізінде, оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтылуын айқындау

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы С.Маймакова білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмыстарын өткізді. Қамқоршылық кеңес мүшелері өзгеріссіз қалғанын атап өтті.

Тыңдалды: Жаңа оқу жылына арналған жоспарды талқылап, қамқоршылық кеңес мүшелері өз сұрақтарын ұсынды. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында ең бірінші оқушыларды үйірме спорт секцияларымен қамту, құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында рейд жұмыстарын ұйымдастыру, әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсету, бюджеттен бөлінген қаражаттың жұмсалуды іс-шараларды ұйымдастыру көмек көрсету мәселелері айтылды. Жұмыс жоспары құрылып бекітуге ұсынылды.

Тыңдалды: үшінші мәселе бойынша «Мектепке жол» акциясы аясында берілген көмектерге тоқталды. Ақтөбе Облыстық маслихат депутаты Қ.Сабырдың демеушілігімен мектебіміздің 8 оқушының ата-аналарының есеп шоттарына 20 мың теңгеден ақшалай көмек берілді.

Ақтөбе қаласындағы «Халық Банк» АҚ мектебіміздің 1 сынып оқушыларына арналған мектеп құралдары мен сөмкелер берді. Ақтөбе қалалық маслихат депутаты А.Сарманованың ұйымдастыруымен мектебіміздің 10 оқушысына мектеп құралдары мен сөмкелері берілді.

Сонымен қатар, мектебіміздегі жекеленген санаттағы 8 оқушының заңды өкілдерінің есеп шоттарына, материалдық көмек ретінде 43 мың теңгеден қаржылай көмек берілді.

Тыңдалды: Төртінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тоқталып өтті.

Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығына сәйкес: Ұлдардың мектеп формасы: қою көк түсті пиджак, жилет, шалбар, ақ жейде. Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Қыздардың мектеп формасы: қою көк түсті пиджак, жилет, юбка тізеден 3 см төмен, классикалық шалбар және жейде. Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.

Тыңдалды: Бесінші мәселе бойынша, мектеп әлеуметтік педагогі-Нұркенқызы Айнұр сөз сөйледі: Ақтөбе қаласы №4 жалпы білім беретін орта мектебінде, 2024-2025 оқу жылында 1-4 сыныптарының оқушыларына мемлекет тарапынан тегін ыстық тамақ беріледі. Оқушылардың тегін ыстық тамақ ішу үшін ата-аналары ешқандай құжат тапсырмайды. Оқу жылының басында мониторингтік және бракираждық комиссия құрылып, тамақтану сапасы мен мониторинг құру жұмыстары жыл бойы жүргізіледі. Ақтөбе облысының бекітілген ас мәзірімен тамақ беріледі. Мектеп асханасының 2024-2025 оқу жылына дайындық жұмыстары жүргізілді.

Тыңдалды: Алтыншы мәселе бойынша әлеуметтік педагог сөз алды. 5-11 сыныптарының «жекеленген санаттағы» оқушыларына тегін ыстық тамақ ұйымдастырылады. 5-11 сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамту үшін, ата-анасы тиісті құжаттарын тапсырып, мектеп директоры атына өтініш жазуы міндетті. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуіріндегі №158 бұйрығына сәйкес, 5 санат бойынша құжаттар қабылданады. Қазіргі таңда 5 оқушыдан құжаттар жинақталды.

Тыңдалды: Жетінші мәселе бойынша: - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуіріндегі №158 бұйрығына сәйкес, білім беру ұйымының алқалы басқару органына (қамқоршылық кеңес мүшелері) ата-ана өтініші негізінде, оқушыларды тегін ыстық-тамақпен қамтылуын айқындау мәселесі бойынша Нұркенқызы А. Жалғастырды.

-Мектеп директорының атына Сәбит Әмір, Аймұратов Асылжан және Болатов Нұрасыл 5 және 9 сынып оқушыларының ата-аналарынан алқалы органдарының тегін ыстық-тамаққа құжаттарын қабылдауын өтінді.

Сол себепті алдарыңызда Сәбит Әмір мен Болатов Нұрасылдың, Аймұратов Асылжанның тұрмыс үй жағдайын тексеру Акті көрсетілген, танысып шығуыңызды сұраймыз. Тұрмыс жағдайын тексеру Актісімен танысып болған соң, 5 «А» сынып оқушысы Сәбит Әмір мен 9 «А» сынып оқушылары Болатов Нұрасылды, Аймұратов Асылжанды тегін ыстық-тамақпен қамтылу немесе қамтылмауына дауыс беруіңізді сұраймыз. Қамқоршылық кеңес мүшелері бір ауыздан келісімін берді. 5-11 сынып аралығынан - мемлекеттік атаулы көмек алатын аз қамтылған отбасынан шыққан, жетім немесе ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды.

Бір реттік ыстық тамақтың құны 507 теңгені құрайды. Мектептің медицина қызметкері тамақ өнімдеріне сертификаттардың болуын, дайындалған тағамдардың сапасын, сақтау мерзімдері мен шарттарының, дайын тағамдардың болуын, сақталуын, балалардың нақты тамақтану рационының күнделікті, перспективалық мәзірге сәйкестігін, асхананың санитарлық жай-күйін бақылауды жүзеге асырады. Асхананың санитарлық-гигиеналық тазалығы, ас сапасы және асхана кезекшілігінің дұрыс атқарылуы бойынша бұйрықпен бекітіліп, ай сайын комиссия мүшелері тексеру жүргізіп отырады. Оқушыларды ыстық тамақпен қамту жұмысында мемлекеттік қызмет көрсету стандартының талаптары толықтай орындалуда.

Қаулы:

1. ҚК құрамы өзгеріссіз қалдырылсын
2. Қамқоршылық кеңестің жылдық жоспары бекітіліп, отырыс сұрақтары мерзімге сай орындалсын.
3. Көмекті қажет ететін оқушыларға мектепке жол акциясы арқылы көмек берілсін.
4. Мектеп формасына қойылатын талаптар сақталсын.
5. Жоғарыда аталған оқушылар ыстық тамақпен қамтылсын.
6. 5-11 сынып оқушылары арасында жекеленген санаттағы оқушылардың құжаттары қабылданып, тегін ыстық-тамақпен қамтылсын.
7. 5 «А» сынып оқушысы Сәбит Әмір мен 9 «А» сынып оқушылары Болатов Нұрасылға, Айтұратов Асылжанға мектептен тегін ыстық тамақ берілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

С.Маймакова

Н.Мырзалиева

А.Қаратаев

А.Чайкин

Л.Адильшинова

Ж.Камбаров

А.Абдрахманов

Г.Карабалина

Ж.Сальжанова

Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебі

Құрметті қамқоршылық кеңес мүшелері

Сіздерді мектебіміз қыркүйек айында
мемлекеттік аттестациядан өтуіне
орай 31.07.2024 жылы өткізілетін
жоспардан тыс кеңес отырысына
шакырамыз!

31.07.2024 жыл, сағат: 12:00



**Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінің
қамқоршылық кеңес отырысы**

Хаттама

№5

06.12.2024 ж.

Қатысқандар : Қамқоршылық кеңесінің 7-мүшесі
Мектеп басшысы : Тулегенов А.А.
ДТІЖО: Берғалиева Ф, Қойшыбаев Қ.

Күн тәртібінде:

1. Бюджет тарапынан бөлінген қаражаттың жұмсалыу есебі
2. Желтоқсан айында өткізілетін мерекелік шараларды ұйымдастыру
3. Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстар
4. Қаржыландыру жоспары бойынша үнемделген қаржы есебінен, қызметкерлерге сыйақы беру

Тыңдалды: Бірінші мәселеге мектеп директоры А.Тулегенов тоқталды. Мектепке жоғарыдағы атап өткен мемлекеттік сатып алу арқылы жергілікті бюджеттен бөлінген қаржыға бірнеше қажетті тауарлар сатып алынды.

- Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Алақан Мектеп» құрысғысы - **2 979 597 тг.**
- Мектептің әр қабатына үзіліс қоңырауын, аудиохабарламалар тарату мақсатында акустикалық құрылғылар (колонка, микрофон, селекторлық пульт) - **1 181 852 тг.**
- Интерактивті панель – **1 599 998 тг.**
- Бастауыш класс оқушыларына арналған оқу құралдары – **163 491 тг.**
- Оқушыларға 30 дана парта және орындық – **2 083 230 тг.**
- Математика пәні мұғалімдеріне сабаққа пайдалануға арналған құрылғылар, көрнекіліктер – **148 986 тг.**
- Мектептің ішкі шаруашылығына және тазалығына арналған бұйымдар – **127 699 тг.**

Тыңдалды: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Қойшыбаев сөз алды. “Зорлық - зомбылықсыз 16 күн” халықаралық акциясына мен “Заң және тәртіп” айлығы аясында құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесулер және тәрбие сағаттары өткізілді. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі, Ғ.Балпашев және мектеп мұғалімдерінің, инспекторлардың қатысуымен «Түңгі қаладағы қауіпсіздік» рейд жұмыстары жүргізілді. Мектепішілік есепте тұрған оқушылардың жетекшілері жүргізіліп жатырған жұмыстарымен таныстырып өтті.

Тыңдалды: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ф.Берғалиева сөз алды. Желтоқсан айында ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізу, кітапхана «Тәуелсіздік ел тұғыры» ашық сабақ, кітап көрмесі, интеллектуалдық ойын, мерекелік шара өткізу бойынша жоспар жасалды. Келесі кезекте жаңа жыл мерекесін өткізу бойынша мектепке Қалалық білім бөлімінің рұқсатынсыз цирк, театр, ұжымдық өнер көрсетуге шектеу қойылды. Жаңа жыл кешін өткізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Мектеп парламенті оқушыларының қатысуымен «Қысқы балл» түрінде өткізу бойынша жоспар құрылуда.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша мектеп директоры А.Тулегенов қаржыландыру жоспары негізінде үнемделген қаржы есебінен қызметкерлерге төмендегі мөлшерде сыйақы беру туралы ұсыныс білдірді. Қамқоршылық кеңес мүшелері мектепке жүргізіліп жатырған жұмыстарды саралай келіп, оқушыларға жағдайдың жасалғанын үнемделген қаражаттан қызметкерлерге сыйақы беру туралы ұсынысын қолдайтынын атап өтті.

Қаулы:

1. Бюджет тарапынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
3. Желтоқсан айына жоспарланған іс шаралар жоғары деңгейде өткізілсін.
4. Үнемделген қаржыдан барлық қызметкерлерге сыйақы берілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

 Маймакова С.Н.
Чайкин А.А.
Сальжанова Ж.Ж.
Елтаев Р.С.
Балпашев Ғ.И.
Арыстанова А.Ж.
Ділманова Б.А.